

"Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін лауазымдары тізбесін анықтау туралы" аудан әкімдігінің 2009 жылғы 23 ақпандағы № а-3/121 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Щучье ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 20 сәуірдегі № а-4/222 шешімі. Ақмола облысы Щучье ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 сәуірде № 1-19-153 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № а-12/775 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 04.12.2014 № а-12/775 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы Заңының 1 бабының 4 тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін лауазымдары тізбесін анықтау туралы» аудан әкімдігінің 2009 жылғы 23 ақпандағы № а-3/121 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1-19-150 нөмірмен тіркелген, «Луч» аудандық газетінің 2009 жылғы 2 сәуірдегі 26 нөмірінде, «Бурабай» аудандық газетінің 2009 жылғы 2 сәуірдегі 15 нөмірінде жарияланған) келесі толықтыру енгізілсін:

кіріспеде «Жергілікті мемлекеттік басқару» сөздерінен кейін «және өзін өзі басқару» сөдерімен толықтырылсын.

2. Әкімдіктің осы қаулысы Щучье ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Б.Нұрпановаға жүктелсін.

ауданының әкімі

В. Балахонцев

Щ у ч ь е

